

Педагогикалық кеңес хаттамасы №1

Қатысқандар:10

Қатыспағандар:0

Мерзімі: Тамыз

Тақырыбы: «Аталар,аналар, әжелер мектебінің маңызы»

Мақсаты:

әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылының педагогикалық кеңес мүшелерін анықтап, хатшы сайлау
- 2.Жаңа оқу жылының 2024-2025 Мектепке дейінгі ұйым нұсқау хатын талқылау
2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту, (тәрбиешілердің перспективалық жоспарын бекіту)
3. «Аталар, аналар, әжелер» мектебінің маңызы

Тыңдалды: Балабақша Басшысы С.Бекбосынова Бірінші мәселе бойынша педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2023-2024оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Н.А Балгабаева сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер Н.А.Балгабаева

Әдіскер Н.А.Балгабаева 2023-2024 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Л.Қызыбаева сайлауды ұйғарды

Екінші мәселе бойынша Әдіскер Н.А.Балгабаева

Әдістемелік нұсқау хатта:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану (*сілтемелер*);

- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру;
- мектепалды даярлықты ұйымдастыру;

- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру;

- ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылғандығы туралы

айтты. Сонымен қатар Биылғы 2024-2025 жылғы нұсқау хатта Экологиялық мәдениет пен қазақ тілінің дамуына , Әкелер мектебі мен Аналар мен әжелер мектебіне аса назар қойылғандығы айтылды.

Биылғы жылдық жоспарда Айтылған пункттер бойынша ерекшеліктер бар екендігі

айтылды.

Үшінші мәселе бойынша Әдіскер Н.А.Балгабаева Биылғы жылға дайындалған топтардың перспективалық жоспарын бағдарламаға сәйкес келетіндігін жас ерекшеліктеріне сай екендігін айта отырып, жоспарды бекітті.

Төртінші мәселе бойынша Әдіскер Н.А.Балгабаева Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін»,

«Әкелер мектебін» ұйымдастыру туралы мәліметтерді айта отырып жоспарды бекітті.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру үшін отбасы мен МДҰ-ның тығыз ынтымақтастығы қажет.

Ата-аналарды педагогикалық процеске тарту үшін:

балаларды дамыту мен тәрбиелеуде отбасының және МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру, әр тәрбиеленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату;

ата-аналарды, тәрбиеленушілер мен педагогтерді өзара түсіністік, ортақ мүдделер, қарым-қатынасқа оң көңіл-күй және қайырымды өзара қолдау атмосферасын құру;

ата-аналармен және балалардың заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастық орнату үшін педагогтерді даярлау қажет екендігін айтты.

Бұл бағыттарды іске асыруда балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл шағын қауымдастықтың міндеті - ата-аналар мен балалардың арасында қарым-қатынас мәдениетін дамыту, өзара түсіністік, екіжақты сыйластық, сыпайылық сақтау, мейірімділік таныту, үлгі болу (ата-аналар, педагогтер және басқалар үшін), ұрпақтар сабақтастығын тәрбие жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын қарастыру қажет деді.

МДҰ және отбасы тандемінде ұрпақтар сабақтастығының икемді және қолайлы жағдайларын жасай отырып, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар көзі болып табылатын өмір бойы жалғасатын процесс ретінде тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру қажет. Қоғамда баланы тәрбиелеу және оның дамуы үнемі бірлескен әлеуметтік ортаға интеграцияланған. Бұл – ұлттық мәдени кодқа, іс-әрекеттің тәуелсіздігіне, Отан мен ана тіліне деген еркіндік пен мақтаныш сезіміне сүйене отырып, қазіргі заман жағдайында баланың бойында өмірлік дағдыларды қалыптастыру қағидатының негізі екендігін атап айтты.

Шешім: - 2024-2025 оқу жылының МДҰ жоспары, Топтардың перспективалық жоспары бекітілсін

-Педкеңес хатшысы бекітілсін.

-Әкелер мен аналар мектебі жоспары бекітілсін

-МДҰ ның бақылау мен басшылық жоспары бекітіп әдіскерге бақылау жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

С.Бекбосынова

Хатшы:

Л.Қызылбаева